

[illegible]

Кіші "Ақбота" тобы

Музыка жетекшісі: Рақыжанова А.А.

2026 - 2027 оқу жылы.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2026 – 2027 оқу жылына арналған
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Al-Adil» бөбекжай - балабақшасы
Топ кіші «Ақбота» тобы
Балалардың жасы: 2 жастан бастап
Жоспардың құрылу кезеңі: 2026-2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Әнайту. Әнайтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзге-рістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету; марш сипатынанықырғақты жүрумен; Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білуді; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындауды; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес сөздерді үйрету. Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту.

Тексерген әдіскер: *Қурышева Е.П.*